

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 5 шілдедегі N 648 және 2005 жылғы 8 шілдедегі N 1611 жарлықтарына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 8 шілдедегі N 145 Жарлығы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай жарлықтарына толықтырулар енгізілсін:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы" 2001 жылғы 5 шілдедегі N 648 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., N 27, 331-құжат; N 39, 397-құжат):

1-тармақ мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына.";

2-тармақтың 1) тармақшасы ", Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына қатысты емес" деген сөздермен толықтырылсын;

2) (алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2008.11.28 N 698 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Жарлығымен).

2. Осы Жарлық 2006 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың 2) тармақшасын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті